




**№ 2 «Күншуақ» кіші тобының  
2025-2026 оқу жылына арналған  
Перспективалық жоспар**

**Тәрбиешілер: С.Т.Гаржавбаева  
Ж.Е.Бакытова**



«Тексерілді»

«Данышпан балақай» жекеменшік  
балабақшасының әдіскері:

 М.А.Туякова

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
Перспективалық жоспары**

**№ 2 «Күншуақ» кіші тобы**

**Мақсаты:** Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың сөйлеу тілін, танымдық қабілеттерін, қимыл-қозғалысын, әлеуметтік дағдыларын дамыту қарапайым түсініктерді (түстер, пішіндер, сан, кеңістік) меңгерту қоршаған ортамен таныстыру арқылы қызығушылығын арттыру ойын арқылы білім беріп, өздігінен әрекет етуге үйрету.

**Ұйымдастырылған  
іс- әрекет**

**Ақпан**

**Дене тәрбиесі**

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.

Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы допты беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.  
Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).

**Негізгі қимылдар:**

Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арканның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.

**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу

Шынықтыру шараларын өткізу.

Қимылды ойындар.



|                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                       | <p>танытуға баулу</p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> |
| <b>Тіл дамыту және көркем әдебиет</b> | <p>Қарапайым сөз тіркестерін (2-2 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету</p> <p>Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру</p> <p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Сенсорика</b>                      | <p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Құрастыру</b>                      | <p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қояды пысықтау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>     | <p>Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Сурет салу</b>                     | <p>Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды.</p> <p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.</p>                                                                                                                                                                                                           |



|                |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                | тұғырға орналастыруды, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.<br>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру                                                                                                                            |
| <b>Жапсыру</b> | Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.<br>Фланелеграфта машиналарды, үйлерді доптарды, шарларды орналастыру.                                                                                                                               |
| <b>Музыка</b>  | <b>Музыка тыңдау:</b><br>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру.<br>Ән айту: әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. |